QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №37 (2039) 12 ҚАЗАН 2026 ЖЫЛ



Халықаралық жоба қорытындыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Eurasia-Pacific Uninet желісінің пленарлық отырысы мен Erasmus+ бағдарламасы аясындағы семинар өз мәресіне жетті.

Үш күнге созылған халықаралық шара Австрия, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия, Үндістаннан келген 120-дан астам ғалымның басын қосты.

Қорытынды жиынға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Eurasia-Pacific Uninet президенті Джозеф Штробл, шетелдік және отандық ғалымдар мен білім беру жобаларының үйлестірушілері қатысты.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мұндай ауқымды халықаралық іс-шараларды ұйымдастыруға әрдайым дайын екенін жеткізді.

«ҚазҰУ базасында Erasmus+ халықаралық бағдарламасының бөлімшесін ашуды ұсынамын. Сонымен бірге ғылыми-білім беру ынтымақтастығын нығайту мақсатында бірлескен интернет-платформа құру маңызды. Онда семинар аясында ғалымдар мен профессорлар жасаған баяндамалар жарияланып, озық идеялар мен ғылыми тәжірибе кеңінен насихатталады. Бұдан бөлек, бүгінгі халықаралық жиынға қатысып отырған 120-дан астам ғалымды ҚазҰУ студенттеріне көшбасшылық дәріс оқуға шақырамын. Бұл бастамалар университеттің халықаралық байланыстарын нығайтып, білім алушылардың өрісін кеңейтуге және академиялық тәжірибе алмасуға тың серпін береді», – деді ректор.

Сөз соңында Жансейіт Қансейітұлы қатысушыларды Алғыс хатпен марапаттады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Медицина саласында тәжірибе алмасады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Алания қаласының мэрі, OFM ауруханасының негізін қалаушы әрі бас директоры Осман Тарыкпен кездесті.

Тараптар ҚазҰУ мен Аланияның жоғары оқу орындары арасындағы әріптестік байланысты дамыту барысын пысықтады. Сонымен қатар медицина және денсаулық сақтау факультетінің студенттерін OFM ауруханасында тағылымдамадан өткізу мәселесін талқылады.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қалашығын дамытудың екінші кезеңі аясында университеттік клиника салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

«Біз халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, әсіресе медицина және денсаулық сақтау саласында тәжірибе алмасуға ерекше мән береміз. Түркияның медициналық қызмет көрсету мен медициналық туризмді дамытуда тәжірибесі мол. OFM ауруханасымен серіктестік орнату білім алушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге зор мүмкіндік береді», – деді ректор.

Бұдан бөлек, Аланияның туристік әлеуетін ескере отырып, ҚазҰУ сарапшылары мен жергілікті ұйымдардың қатысуымен тұрақты туризм, қалалық инфрақұрылымды цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша бірлескен жобалар әзірлеу мәселесі қарастырылды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ғылыми бағыттағы байланыс нығаяды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Алтай мемлекеттік университетінің делегациясын қабылдады.

Делегация құрамында халықаралық байланысты дамыту жөніндегі проректор Роман Райкин және «Үлкен Алтай» алтайтану және түркология ғылыми-білім беру орталығының жетекшісі Юлия Лысенко бар.

Кездесуде Жансейіт Түймебаев қос оқу орны арасындағы ынтымақтастықтың көпжылдық тарихына тоқталды. Осы уақыт ішінде тараптар алтайтану мен түркология бағытында іргелі ғылыми еңбектерді жарыққа шығарып, екі ірі халықаралық форумды сәтті өткізген.

«Біз бұл серіктестікті одан әрі тереңдетуге дайынбыз. Өзара ынтымақтастықты нығайта отырып, алтайтану мен түркология саласындағы зерттеулерді жаңа деңгейге көтеруіміз қажет», – деді ҚазҰУ ректоры.

Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар ғылым мен білім саласындағы серіктестікті кеңейтуге, сондай-ақ алтайтану, түркология және басқа да перспективалы ғылыми бағыттар бойынша байланыстарды нығайтуға уағдаласты.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ



2-бет **Ректор жас ғалымдармен кездесті**



3-бет Айнұр ҚҰРМАНАЛИЕВА: **Тәрбие отбасынан ғаламторға ауысып кетті**



4-бет **Тәуелділіктің алдын алу және оңалту көмегі**



Ынтымақтастық бағыты айқындалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Солтүстік Кавказ федералды университетінің (СКФУ) халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Альберт Кумуковпен кездесті.



Тараптар білім, ғылым және академиялық алмасу салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.

Альберт Кумуков Солтүстік Кавказ федералды университетінің ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты дамытудағы үш негізгі бағытын атап өтті. Алғашқысы – тамақ технологиялары мен азық-түлік өнімдерін қайта өңдеу саласы. Екіншісі – қос оқу орнының ғылыми әлеуетін біріктіруге мүмкіндік беретін химия бағыты. Үшінші басым бағыт ретінде физика саласы айқындалды. Сонымен қатар СКФУ өкілі шығыстану мен халықаралық қатынастар салаларында да бірлескен жобаларды жүзеге асыруға үлкен қызығушылық білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Альберт Кумуков ҚазҰУ студенттері үшін Калининград қаласына білім беру сапарын ұйымдастыруды ұсынды. Үш күнге созылатын және әлемнің түкпір-түкпірінен 300-ге жуық қатысушының басын қосатын бұл ауқымды іс-шараға ҚазҰУ-дан 7-8 студент іріктеліп алынады. Қабылдаушы тарап студенттердің барлық шығындарын өз мойнына алуға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев серіктестікті дамытуға бағытталған бастамаларды толық қолдап, ғылыми-академиялық ықпалдастықты нығайтудың маңыздылығын баса айтты.

«Бірлескен конференциялар ұйымдастыруды, тағылымдамалар жиілігін арттыруды, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар алмасуын кеңейтуді ұсынамын. Бұл қадамдар университеттер арасындағы ғылыми-білім беру байланыстарын жаңа деңгейге көтерері сөзсіз», – деді ҚазҰУ ректоры.

Кездесу соңында СКФУ проректоры Жансейіт Қансейітұлына Ашим Сикалиевтің «Ғылыми мұраның толық жинағы» атты бес томдық басылымын сыйға тартты.



Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Сиань университетінің профессоры дәріс оқыды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Сиань ғылым және технологиялар университетінің (ҚХР) профессоры, ҚазҰУ-дың PhD докторанттарының ғылыми жетекшісі Бао Юань дәріс оқыды. Ғылыми кездесу «Көмірді анаэробты ашыту барысында түзілетін қатты, сұйық және газ тәрізді үш фазалы өнімдерді сипаттау әдістері және олардың өзгеру заңдылықтары» тақырыбына арналды. Оған оқытушы-профессорлар құрамы, жас зерттеушілер мен студенттер қатысты.



Мәртебелі мейманды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Самғат Ермекбаев қарсы алды. Ол өз сөзінде университеттің халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейтуге және шетелдік озық ғалымдармен тәжірибе алмасуға ерекше маңыз беретінін жеткізді.

Қытайлық ғалым көмірдің органикалық құрамдастарын оттегісіз ортада өңдеу кезінде түзілетін өнімдерді зерттеудің заманауи тәсілдері мен олардың өзгеріс ерекшеліктеріне кеңінен тоқталды.

Юань Баоның академиялық және ғылыми-зерттеу саласында 13 жылдық тәжірибесі бар. Оның Хирш индексі – 23. Ғалым Қытайдың Ұлттық жаратылыстану ғылымдары қоры қолдаған 30-дан астам ауқымды ғылыми жобаға жетекшілік еткен. Ол – 98 ғылыми мақаланың, өнертабысқа арналған 7 патенттің авторы және беделді халықаралық журналдардың сарапшысы. Оның негізгі зерттеу бағыттары – дәстүрлі емес мұнай-газ ресурстарының геологиясы, микробтық геология, көмір қабаттарынан биогендік метан және биомассадан сутегі өндіру технологиялары.

Кездесу соңында профессор Бао Юань ҚазҰУ басшылығына шақырғаны үшін алғыс білдіріп, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Жиын сұрақ-жауап форматында өтіп, қатысушылар биотехнология, энергетика және Жер туралы ғылымдар саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ



Ректор жас ғалымдармен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жас ғалымдармен кездесті.

Жүздесуде университеттік ғылымды дамытуға қатысты жас зерттеушілердің ұсыныстары тыңдалды.

Шара барысында Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының директоры, доцент Бақыт Ханиев «Ректордың 10 ғылыми мәселесі» атты жыл сайынғы бастаманы енгізуді ұсынды. Оның айтуынша, жыл сайын университет ғылымын дамытуға серпін беретін, ғылыми орта үшін маңызы жоғары 10 өзекті мәселе іріктеліп алынуы тиіс. Осы бағыттар бойынша зерттеу жүргізіп жатқан жас ғалымдарға арнайы қолдау шаралары ұйымдастырылып, аттестациялау кезінде олардың ғылыми жетістіктеріне ерекше мән беріледі.

Өз кезегінде заң факультетінің оқытушысы, PhD Әпсімет Нұрдәулет стартап және пилоттық жобаларға арналған «Ғылыми зерттеулер» қорын құру қажеттігін жеткізді. Қор ғылымға жаңадан қадам басқан зерттеушілердің жобаларына қаржылай қолдау көрсетіп, ғылыми мақалаларды жариялауға қаражат бөледі. Бастамашының пікірінше, қор университет бюджетіне тәуелді болмай, оқу орны түлектерінің, меценаттар мен демеушілердің жарналары есебінен қалыптасуы тиіс.

Ал халықаралық қатынастар факультетінің аға оқытушысы, PhD Сырым Маратұлы әлеуметтік ғылымдар саласындағы халықаралық журналдарға жазылу тәртібін қайта қарауды ұсынды. Ғалымдардың журналдарға жеке жазылуы қымбатқа түседі. Университет деңгейінде бірыңғай жазылым ұйымдастыру қаржыны үнемдеп, зерттеушілерге кең мүмкіндік ашады.

Бұдан бөлек, жас ғалымдар тарапынан ғылыми жобаларды коммерциялandыру, зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу, академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін арттыру мәселелері де көтерілді.



Жансейіт Түймебаев кездесуде айтылған барлық ұсыныс-пікірді қолдайтынын жеткізді. Университет басшысы жас зерттеушілердің бастамалары оқу орнының ғылыми әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтті.

«Жас ғалымдардың ұсыныстары біз үшін маңызды. Зерттеушілердің пікірін тыңдап, олардың ұсыныстарын нақты іске асыруға мүмкіндік жасауымыз керек. Мұндай кездесулерді жиі өткізіп, ғылыми қауымдастықпен өзара байланысты нығайта береміз», – деді ректор.

Шара барысында Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Қуаныш Тастамбек баяндама жасап, соңғы атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырды.

Кездесу соңында оқу ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев бірқатар жас ғалымдарды Алғыс хатпен марапаттады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қазір қоғамда, әсіресе жастар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылық, бір-біріне әлімжеттік көрсету оқиғалары тым көбейіп кетті. Оның соңы үлкен қайғы-қасіретке, бақытсыз жағдайларға апарып жатқаны белгілі. Мұның түп-тамыры неде? Келеңсіздіктің алдын алу үшін не істеу керек? Осы және өзге де сауалдарға жауап іздеу ниетімен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Айнұр Құрманәлиеваны әңгімеге тартқан едік.



Айнұр ҚҰРМАНАЛИЕВА, профессор:

Тәрбие отбасынан ғаламторға ауысып кетті

– Айнұр Дүрбелеңқызы, қоғамда әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету, оның соңы өлімге апарып жатқан оқиғалар көбейіп кетті. Мұның сыры неде? Бұған жастар арасындағы діни фанатизмнің ықпалы бар ма?

– Қазақстандық қоғам – бүгінде бірқатар жаһандық әсерлерді, сонымен қатар ішкі сан алуан мәселелерді бастан кешіп отырған қоғам. Заманауи орта кеңістігінде әйелдерге ғана қатысты зорлық-зомбылық емес, жалпы, адамдардың бір-біріне әлімжеттік жасап, күші жеткеннің әлсізді қорлауы көбейіп кетті. Қорлық көрген адам аман қалған жағдайда намыстанып, өзіне қол жұмсап жатса, ал басым бөлігі қаскүнемдердің қолынан қаза табуда. Мұндай келеңсіздіктердің себебін бір ғана діни фанатизмнен іздеу ғылыми тұрғыдан дұрыс емес, себебі діни сенім негізінде фанатизмге кету мен діни құндылықтар аражігі ашылмай жатып, діннен себеп іздеуге және сәйкесінше дінді қоғамдық қауіп ретінде интерпретациялау орын алуы мүмкін. Дін мен асыра діншілдіктің арасын ашып, оны түсінудің өзі себептерді дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғамдағы зорлық-зомбылықтың өсуі экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік желілермен де байланысты болуы мүмкін. Ал негізінен ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, мұның негізгі факторлары әлеуметтік, психологиялық және мәдени негіздері бар. Эмиль Дюркеймнің (Durkheim, E. Suicide: A Study in Sociology. New York: The Free Press, 1951) аномия теориясына жүгінетін болсақ, қоғамдағы құндылықтар жүйесі әлсіреген кезде адамдардың мінез-құлқын реттейтін әлеуметтік нормалар да өз ықпалын жоғалтады. Нәтижесінде агрессия, девиантты мінез-құлық және отбасылық жанжалдар көбейеді. Бүгінгі таңда жаһандану, ақпараттық кеңістіктің белсенділігі, яғни олардың біздің өмірімізді белсенді жаулауы және отбасы институтының ғаламтор қарқынымен бәсекелес болмауы әсерінен әлсіреуі белгілі бір дәрежеде осындай құндылықтық дағдарысты қалыптастырып отыр. Ал психолог Альберт Бандураның әлеуметтік үйрену теориясы бойынша адам агрессивті мінез-құлықты қоршаған ортаны бақылау арқылы меңгереді. Егер бала отбасында зорлық-зомбылық көріп өссе немесе агрессияны қалыпты әрекет ретінде қабылдайтын ортада тәрбиеленсе, кейін мұндай мінез-құлық үлгісі оның өз өмірінде де қайталануы мүмкін (Bandura, A. Social Learning Theory. Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1977). Сол себепті қоғамда жастардың құндылықтарының жүйесі қалыптасатын ортасының салауатты болуы, бой түзейтін көшбасшылардың беделі болуға тиіс. Ал қоғам мүшелеріне діннің әсері немесе діни ұстанымдарға келетін болсақ, кез келген дін адамзатты жақсылыққа ғана тәрбиелейді, егер діндердегі негізгі ұстанымдарға, соның ішіндегі әйел баласына байланысты айтылған ой, нақыл сөздерді келтіре кетсек: хадисте Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.): «Сендердің ең жақсыларың әйелдеріне жақсы қарым-қатынас жасайтындарың» (Тирмизи, Манақиб 63), Інжілде «Балаларыңның анасын құрметте» (Мысырдан шығу 20:12 қағидасының христиандық дәстүрдегі қолданысы), индуизмде Ману смрити (кең таралған дәйексөз) «Әйелдер құрметтелген жерде құдайлар разылықпен мекендейді» – әйел баласына құрмет пен қадірлеуден басқа ой айтылмайды. Айтылған жағдайлар болса, онда дінді бұрмалап, басқа бір пиғылда қолданудың бір тетігі деп қабылдау керек.

Зорлық-зомбылық көрсетудің, бұған қоса, мәдени себептерін де атап кеткен едік. Мәдени себептерін ұлттық мәдениет контексінде қарап өтсек, қазақтың дәстүрлі дүниетанымында қыз бала ерекше құрметке ие болған. Қызды елдің көркі, шаңырақтың құты, болашақ ананың бейнесі ретінде қадірлеген. Абайдың «Толық адам» ілімі, Шәкәрімнің «Ар ілімі» және халықтық тәрбие дәстүрлері әйелге күш көрсету емес, оған құрметпен қарауды, қамқорлық пен жауапкершілікті насихаттады. Сондықтан әйелге зорлық көрсету қазақтың төл дүниетанымына да, адамгершілік құндылықтарына да қайшы құбылыс болып саналады. Бұған дәлел халық даналығындағы мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар жүйесі, күнделікті әдет-ғұрпымыздағы бойымызға сіңген құндылықтарымыз куә бола алады. Сондықтан кез келген ауытқушылықтың алдын алу – бұл тәрбие, өз мәдениетімізді ұлықтау, адами нормаларды бала кезден сіңіруден басталады.

– Жастарды жаман әдеттен қалай құтқаруға болады?

– Жеке діни фанатизмге келетін болсақ, ол дінтану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі, жеке зерттеу саласы. Адамның діндар болуы оның фанат болуын білдірмейді, фанатизмнің негізінде діни білімнің тарлығы, сыни ойлаудың жетіспеушілігі, дүниетанымдық біржақтылық пен абсолюттік ақиқатқа иелік ету мүддесі жатады. Дінтануда фанатизм ұғымы өз көзқарасын жалғыз ақиқат деп қабылдап, басқа пікірлерді, мәдениеттерді немесе діни түсініктерді жоққа шығаратын, сыни ойлауға жабық, төзімсіз ұстаным ретінде анықталады. Адам діни ілім негіздерін, қасиетті мәтіндерді тарихи контекстсіз, ғылыми түсіндірмесіз, дәстүрлі интерпретацияларсыз қабылдай бастаған кезде діни фанатизм ошақтарының пайда болу қаупі арта бастайды. Ал мұндай ұстанымдардың алдын алудың, құтылудың басты жолы – бұл білім, дінтанулық тұрғыдан сауатты болу, діни ілім негіздерін қабылдауда, үйренуде сыни сананың болуы және ұлттық мәдениет пен тәрбиемен сусындау. Осы ретте кез келген ақпаратты қабылдамас бұрын, сыни қабылдаудың орны ерекше. Сыни қабылдау ақпаратты сүзгіден өткізіп, оның ақиқат не жалғандығын анықтаған соң ғана айналымға, күнделікті әдет машығына айналдыруға негіз болған кезде ғана діни фанатизмнен, радикалды идеялардан арылуға болады. Осы ретте білім беру бағдарламалары мазмұнына «Сыни ойлау» пәнінің болуын қарастырған жөн, себебі сыни ойлауы қалыптасқан адам дереккөзді тексереді, мәтіннің контексін қарайды, діни және идеологиялық манипуляцияны таниды және әлеуметтік желідегі ақпаратты сүзгіден өткізеді, ал мұның бәрі дүниетанымдық адасушылықтың алдын алады.

– Жалпы, отбасылық тәрбиеде діннің рөлі қандай болуы керек?

– Діннің пайда болу тарихы мен діннің шығу теорияларына жүгінсек, дін алғашқы кезде әлемнің тылсым күштерін түсінбегендіктен туындаған үрей, қорқыныштан пайда болған, басқа бір қырынан алғанда адамзаттың тылсымдықты тану талпынысын да білдіреді. Адамның діндар болуының немесе адамның діндарлығының қалыптасуына қандай бастамалар негіз болады? Ең алдымен отбасында көрген тәрбиесі, өсе келе араласатын ортасы ықпал етеді. Қазақстандық қоғам контексінде айтатын болсақ, Қазақстан заңнамасы әр азаматтың діни сенім еркіндігіне кепілдік береді. Адам кез келген дінді ұстануға немесе ешқандай дінді ұстанбауға құқылы. Алайда діни сенім басқа адамдардың құқықтарын шектеуге, зорлық-зомбылықты ақтауға немесе заң талаптарын бұзуға негіз бола алмайды. Сондықтан зайырлы құқықтық мемлекетте діни еркіндік пен азаматтық жауапкершілік қатар жүреді. Дін адамның ар-ожданына қатысты мәселе болса, қоғамдағы қарым-қатынастар заң мен адам құқықтары қағидалары негізінде реттеледі. Отбасындағы тәрбие елінің мүддесі үшін аянбай қызмет жасайтын, қоғамдық белсенді азаматты тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Діндегі адамгершілік құндылықтар, обал, сауап, имандылық секілді ұғымдар қазақы мәдениетте ата-баба дәстүрінен бері жалғасы бар, ендігі кезекте осы құндылықтардың сақталуы мен жас ұрпақты тәрбиелеуде дәстүрлі діннің консолидациялық қызметінің мүмкіндіктерін ескерген жөн. Ал егер дін отбасы мүшелерінің арасын ажыратып, сабақтастық жібін үзетін болса, агрессивті күйзелістерге әкелсе, ол дін біздің жас ұрпақты тәрбиелеуде бағдар алатын дін емес, оны қайта қарап, кез келген адамның рухани баюына, кемелденуіне негіз болатын діни құндылықтарды ғана бере алатын дінді тұғыр ету керек.

– Зорлық-зомбылықтың дамуына әлеуметтік желі әсер етіп отырған жоқ па?

– Қоршаған ортаның белсенді цифрлануына байланысты қазіргі кезде медиамәдениетті зерттеу саласында «Echo Chamber Theory» немесе «Echo Chamber Effect» теориясы өзектілене түсуде, бұған ерекше тоқталып кететін болсақ, адам тек өз көзқарасына сәйкес ақпаратпен ғана қоршалып, балама пікірлерден оқшауланатын жағдай дегенді білдіреді. Мәселен, кез келген қолданушы өзіне қызықты контентті пайдаланған сайын тек қана сол мазмұндас ақпараттың ұсынылатынын байқаған болар. Кез келген тұтыныс бар жерде оған ұсыныс та белсенді беріле беретін болады, яғни бір жағынан алғанда зорлық-зомбылыққа бағытталған контенттің көбеюі сол контентке сұраныстың да бар екенінің индикаторы болып тұр. Ал мұндай контенттің көбеюі қоғамдағы зорлық-зомбылықтың артуына да бейсаналы әсер етуші құрал болуда. Сондықтан тек тыйым салумен немесе радикалды шешімдермен мұндай құбылыстарды жою қиын, бұл жерде оның алдын алу, болдырмау бойынша превентивті жұмыстар маңызды және ақпаратты қабылдаудағы селективтілік қабілет пен оны бағалаудағы сыни ойлау машығы болуға тиіс. Бұған қоса, «Algorithmic Radicalization Theory» теориясы бойынша да әлеуметтік желілер мен видеоплатформалардың алгоритмдері пайдаланушының қызығушылығына ұқсас контентті үздіксіз ұсынып отырады. Уақыт өте мұндай контент адамды неғұрлым қатаң әрі шеткері көзқарастарға жетелеуі мүмкін. Сол себепті біздің оқу процесінде, қоғамның кез келген саласындағы қолданылатын әлеуметтік желілер адамзаттың бойындағы позитивті ұстанымдарды, мәдениетімізді, тарихи жадымызды, ұлттық кодымызды беруді үнемі басты бағдаршам ету керек, деструктивті контенттерге бәсекеге қабілетті болу керек. Әрине, бұл жерде мемлекеттік деңгейдегі шешімдердің рөлі жоғары, дегенмен болашақ ұрпақтың, еліміздің болашағына әрқайсымыз алаңдаушылық білдіреміз. Сол себепті әрбір қоғам мүшесінің азаматтық позициясы мен жауапкершілігі, белсенділігі маңызды. Әлеуметтік желінің күшін қоғамда зорлық-зомбылыққа итермелеуші емес, идеологиялық тұтастыққа әкеле алатын әлеуетін пайдаланған жөн. Осы бағытта терең зерттеулерге негізделген қадамдар мен дұрыс шешімдер қажет.

– Тәрбие ісінде біздің қандай кемшілігіміз бар?

– Тәрбие ісіндегі қандай кемшіліктердің бар екенін білу үшін орын алып отырған мәселелердің себептерін білу қажет. Алдымен осы қойылған сұрақтар контексінде мына сұрақтарға жауап алып көрсек: зорлық-зомбылықтың себебі неде? Әйелдерге көрсетілетін зорлық-зомбылықтардың бастауы қайда? Діни фанатизм неге орын алады? Отбасында тәрбиенің оңалуы үшін неге дінге жүгінуде? Әлеуметтік желі неге белсенді болып барады, оның кері әсерінің себебі неде? Бұл сұрақтарға бір ғана жауаппен, фактілердің констатациясымен жауап бере салу жеткіліксіз. Ол үшін озық мәдениеттер үлгісін қарау керек, зерттеулер қажет, қылмыс ең төмен елдердің тәжірибелерін салыстырмалы зерттеулер мәселенің шешімін көрсетсе керек. Бұл сауалдардың жауабын табу үшін тәрбиедегі жүйелік мәселелерді де айту маңызды. Әлеуметтанулық-гуманитардық сала тұрғысынан қарағанда, бүгінгі басты мәселе – тәрбие институттарының әлсіреуінде. Мәселен, тәрбиелеуші қызмет отбасы мен мектептен ғаламторға ауысып кетті, ата-ана мен ұстаздар беделі әлеуметтік желі белсенділеріне қарағанда төмендеген. Білім беру жоғары қойылғанмен, нақты өмірлік мәселелерді шешуде әлсіз болуы мүмкін. Баланы тәрбиелеу үлкеннің өзін тәрбиелеуінен басталу керек. Әлеуметтік желінің күнделікті көз алмайтын қолданушысы бола отырып, балаға тыйым салу, әдепті сақтамай отырып, оны жастардан талап ету, білім мен ғылымға деген ұстанымды дұрыс бағдарламай тұрып, сауатсыздыққа шағым айту және т.б. теориялық постулаттар мен олардың практикалық қолданыста болуындағы алшақтықтар, сөз бен әрекеттің сәйкес болмауы тәрбиедегі кемшіліктерді көрсетіп, қай бағытта жұмыс жасауымызды анықтайды.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Тәуелділіктің алдын алу және оңалту көмегі

Тәуелділік мәселесі қозғалғанда, әдетте, оның адам өмірі мен қоғамға тигізетін салдарына баса назар аударылады. Ал оның алдын алу, адамға дер кезінде қолдау көрсету және қоғамға қайта бейімделу жолдары туралы қаншалықты білеміз? Осы және басқа да маңызды сұрақтарға жауап іздеу мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында «Оңалту орталығындағы әлеуметтік қызмет» тақырыбында студенттерге арналған танымдық кездесу өтті. Іс-шара Тұрақты даму мақсаттарының 3-ші бағыты – «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» аясында ұйымдастырылды.

Кездесуді әлеуметтану ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті Б.Қылышбаева және әлеуметтану ғылымының кандидаты Т.Морозова ұйымдастырды.

Кездесу барысында «AMAN» қоғамдық қорының мамандары студенттермен ашық пікір алысып, тәуелділіктің алдын алу мен оңалту жұмыстары туралы өз тәжірибелерімен бөлісті. Мамандар тек теориялық ақпаратпен шектелмей, кәсіби қызметінде өз көзімен көрген жағдайларды айтып, оңалту орталығындағы жұмыстың шынайы қырларына тоқталды.

Кездесудің негізгі тақырыбы психобелсенді заттарға, соның ішінде ішімдік пен есірткіге тәуелділіктің алдын алу, емдеу және оңалтуға бағытталған ТДМ 3.5 міндетімен байланысты болды. Іс-шарада «AMAN» қоғамдық қорының өкілдері студенттерге тәуелділіктің алдын алу және оңалту бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат берді. ТДМ-3.5-бағыты психобелсенді заттарды қолданудың алдын алуды, соның ішінде есірткіге тәуелділіктің және ішімдікті зиянды қолданудың алдын алу мен емдеуді күшейтуге негізделген. Сонымен қатар бұл міндет тәуелділігі бар адамдарға медициналық көмекпен қатар, психологиялық қолдау, оңалту және кейінгі әлеуметтік бейімделу қызметтерінің көрсетілуін де қамтиды. Осы орайда, ТДМ 3.5-тің негізгі бағыттарын студенттерге тәжірибелік тұрғыда түсіндірді. Себебі орталықтан келген мамандар тәуелділіктің алдын алу туралы айтып қана қоймай, оңалтудың қалай жүргізілетінін, мамандардың қандай міндет атқаратынын және адамның қоғамға қайта бейімделуіне қандай қолдау қажет екені туралы түсіндіру жұмысын жүргізді.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, ТДМ 3.5 аясындағы 3.5.1 көрсеткіші тәуелділікке байланысты емдеу шараларының қамтылуын, соның ішінде фармакологиялық, психоәлеуметтік, оңалту және кейінгі қолдау қызметтерін қарастырады. Іс-шара барысында осы міндеттің тек тәуелділікті емдеумен шектелмейтініне назар аударылды. Оның маңызды бөлігі – мәселенің алдын алу, адамдарға қажетті ақпаратты жеткізу және көмекке жүгінуге мүмкіндік беретін қолдау жүйесін дамыту. Студенттермен өткізілген мұндай ақпараттық кездесулердің де маңызы жоғары, өйткені олар денсаулыққа жауапкершілікпен қарау және тәуелділіктің алдын алу туралы түсінігін кеңейтеді.

Орталықтан келген мамандар жұмыс барысында өздері



куә болған түрлі жағдайлар туралы да әңгімеледі. Әңгіме барысында тәуелділіктің пайда болуына әсер ететін факторлар, адамның психологиялық жағдайы және оның әлеуметтік ортасының маңызы да айтылды.

Біз үшін қызықты болған тақырыптардың бірі – Қазақстандағы наркологиялық қызметті дамыту және тәуелділігі бар адамдарға көрсетілетін көмекті жетілдіру мәселесі. Мамандардың айтуынша, мұндай жағдайда тек медициналық еммен шектелу жеткіліксіз. Адамның психологиялық жағдайын, отбасылық ортасын, әлеуметтік байланыстарын және қоғамға қайта бейімделу мүмкіндігін де ескеру маңызды. Орталық мамандары әр адамның жағдайы әртүрлі болатынын атап өтті. Кейбір адамдардың оңалтуға келуіне отбасының қолдауы себеп болса, енді біреулер үшін өз өмірін өзгертуге деген жеке ниет маңызды фактор болуы мүмкін. Осындай нақты тәжірибелік мысалдар студенттердің тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып, тәуелділік мәселесіне кеңірек көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

Біз орталық жұмысының бір ғана шарадан тұрмайтынын, адамның қабылдануынан бастап, тұрақтану, оңалту, отбасымен жұмыс істеу және кейінгі әлеуметтік бейімделуге дейінгі бірнеше кезеңнен тұратынын білдік. Орталықтағы әр маманның өз міндеті бар. Нарколог адамның медициналық жағдайын бақылайды, психолог психологиялық сүйемелдеу жүргізеді, кеңесші күнделікті қолдау көрсетеді, ал әкімшілік осы жұмыстардың жүйелі түрде ұйымдастырылуын бақылайды. Мамандардың түсіндіруі бойынша, осы бағыттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста болған кезде ғана оңалту процесі тиімді ұйымдастырылады. Кездесуде отбасының рөлі ерекше екені айтылды. Оңалту барысында адамның жақындарымен дұрыс қарым-қатынас орнату, отбасы мүшелеріне қажетті ақпарат беру және оларды кейінгі қолдау процесіне дайындау маңызды екені әңгімеге арқау болды. Студенттерге тәуелділік тек бір адамның мәселесі емес, оның жақын ортасына да әсер ететін күрделі жағдай екенін түсінуге көмектесті.

Іс-шара барысында студенттер мен мамандар арасында белсенді кері байланыс орнады. Кейбір студенттер үшін мамандардың шынайы тәжірибесімен бөлісуі кездесудің ең маңызды бөлігінің бірі болды. Себебі күнделікті оқу барысында біз көбіне теориялық ақпаратпен таныссақ, мұндай кездесулерде сол білімнің нақты өмірде қалай қолданылатынын түсінуге мүмкіндік аламыз. Студенттердің пікірінше, мамандардың ашық әңгімесі тақырыпты жақсырақ түсінуге және болашақ маман ретінде өз жауапкершілігімізді сезінуге ықпал етті.

Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандар өз тәжірибелеріне сүйене отырып жауап берді. Сұрақ-жауап барысында тәуелділігі бар адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізу, олардың қоғамға қайта қосылуына көмектесу, отбасымен жұмыс істеу және қайталанудың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды.

Іс-шараның біз үшін тағы бір ерекше тұсы – оңалту жұмыстарының орталықтан шығумен аяқталмайтынын түсіну. Одан кейін адамның қоғамға қайта бейімделуі, өз бетінше өмір сүруге дайындалуы және қажет болған жағдайда мамандардың қолдауын жалғастыруы қарастырылады.

Студент ретінде бұл кездесуден алған түсінігім – тәуелділік мәселесіне біржақты қарауға болмайды. Адамға тек медициналық көмек емес, психологиялық және әлеуметтік қолдау да қажет. Ал оңалтудың нәтижелі болуы үшін әр маманның жұмысы өзара үйлесімді ұйымдастырылуы маңызды. Жалпы, кездесу бізге болашақ әлеуметтік қызметкерлер ретінде тәуелділік мәселесімен жұмыс істеудің практикалық қырларын түсінуге көмек берді. Осындай кездесулер арқылы біз университетте алған теориялық біліміміздің нақты өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, болашақ мамандығымыздың қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін жақсырақ аңғарамыз. Сонымен қатар мұндай іс-шаралар студенттерге тәуелділіктің алдын алу, адамға қолдау көрсету және қоғамға қайта бейімделу мәселелеріне жауапкершілікпен қараудың маңызын арттырады.

Гүлдана ЖАРҚЫНҚЫЗЫ,
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-курс студенті

Студенттер «Мәмлүк. Сұлтан Бейбарыс» саундрамасын тамашалады

ҚазҰУ-дың филология факультетінің студенттері «Алатау» дәстүрлі өнер театрында режиссер Фархат Молдағалидың «Мәмлүк. Сұлтан Бейбарыс» саундрамасын тамашалады.

Сұлтан Бейбарыстың өмірі мен тағдырын арқау еткен тарихи қойылым аталған театрдың жаңа маусымының шымылдығын ашты.

Былтырғы маусымда бұл саундрама Мәскеуде өткен А.Чехов атындағы XVII халықаралық театр фестиваліне қатысып, екі күн қатарынан аншлагпен өткен болатын. Осылайша өзге мемлекеттердегі көрермендердің де тарапынан жоғары баға алып, ерекше ықыласқа бөленген қойылым өнерсүйер қауыммен қайта қауышты.

Саундрамада тарихи оқиғалар мен заманауи сахналық шешімдер, музыкалық сүйемелдеу мен сахналық пластика өзара үйлесім тауып, көрерменге Сұлтан Бейбарыс өмір сүрген дәуірдің тынысын сезінуге мүмкіндік берді. Фархат Молдағалидың режиссерлік шешімімен сахналанған қойылымда театр, опера және балет элементтері тоғысып, тарихи тұлғаның тағдырын сахнаның заманауи мүмкіндіктері арқылы ұсынылды. Жас Бейбарыс сұлтан бейнесін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әсет Есжан, ал кемеліне келген Бейбарыс рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ондасын Бесікбасов сомдады. Қойылымның жанды музыкалық сүйемелдеуі мен этно-фольклорлық ансамбльдің өнері қойылымның әсерін арттыра түсті.



Студенттер саундрама барысында тарихи тұлғаның күрделі тағдыры мен өмір жолындағы маңызды кезеңдерге қанығып қана қоймай, тарихи мазмұнның театр өнері арқылы жаңаша интерпретациялануына куә болды. Сахна декорациясы, музыка, актерлік шеберлік пен көркемдік шешімдердің өзара сабақтастығы көрерменді оқиға желісіне тереңірек бойлауға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде студенттердің Бейбарыс сұлтан тұлғасына, ұлттық тарихқа және дәстүрлі өнерге деген қызығушылығын арттырды.

Мәдени іс-шара студенттердің бос уақытын мазмұнды әрі пайдалы өткізуімен қатар, олардың ұлт тарихы мен өнерге деген қызығушылығын оятатыны сөзсіз.

Гүлназ ИСКАКОВА,
Ақбота КЕНЖЕҚОЖАЕВА
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы

Құрылтай – ұлттық диалог алаңы

Құрылтай жұмысының басталуы мемлекеттік басқару жүйесіндегі іргелі институционалдық өзгерістерге жол ашатынын және елдің келелі мәселелері шешім табатын, халықпен диалог орнататын ізгі байланыс болып саналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз даму жолында аса маңызды кезеңге қадам басқанын атап өтіп, бір палаталы заң шығарушы органның қызметіне кірісуі шын мәнінде тарихи оқиға екенін жеткізді. Президент өз сөзінде: «Мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз. Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі», – деді.

Мемлекет басшысы жасаған баяндамасында негізгі тұжырымдары мен көтерілген бастамалары мынадай маңызды бағыттарға бөлінді. Яғни тарихи сабақтастық пен Ұлытаудың символдық мәні туралы былай деді. Осы жерде соны есімізге түсіре кетейік:

• Дәстүрді жаңғырту: Ұлттық құрылтайды шақыру бабалар жолымен маңызды мемлекеттік шешімдерді бірлесе қабылдаудың көне институтын қайта жетілдіру;

• Ұлытауды таңдаудың тарихи мәні: жиынның Жошы хан кесенесінің іргесінде өтуі елдің тұтастығы мен мемлекеттіліктің терең тамырын бейнелейді.

• Референдум қорытындысы: халықтың конституциялық реформаларды қолдап дауыс беруі ол саяси жаңғыруға деген шынайы ұмтылыстың дәлелі болып табылады.

Сонымен қатар Құрылтайдың негізгі міндеттері туралы баса айтқан еді:

• Ұлттық диалог алаңы: Құрылтай билік пен халықты жақындататын, қоғамдық пайым мен азаматтық бастамаларды тоғыстыратын орталық құрылымға айналуы тиіс;

• Идеялар генераторы болады: мұнда елдің болашағына қатысты стратегиялық ұсыныстар мен ұлттық бірегейлікті нығайтатын тұжырымдар жасалады;

• Жалпыұлттық мақсаттарды көздеу: Құрылтай мүшелеріне аймақтық, топтық мүдделерден жоғары тұрып, тек жалпыұлттық мақсаттарды көздеу жүктелді.

Құрылтайдың идеологиялық және мәдени реформаларға бағытталуы туралы:

• Әнұран мен Мемлекеттік рәміздер: ұлттық рухты көтеру үшін маңызды мемлекеттік іс-шараларда рәміздерді құрметтеу мәдениетін жаңа деңгейге шығару;

• Тарихи әділдікті қалпына келтіру: ұлттық мерекелер мен маңызды тарихи даталардың мәртебесін қайта қарау (Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды).

• Жас ұрпақ тәрбиесі: білім мен еңбекке негізделген жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыру, жастардың бойында отаншылдық қасиеттерді дамыту екені айқын.

Сонымен қазіргі Құрылтай демократия құндылықтарын орнықтыруға зор үлес қосатын, елдің келелі мәселелері шешім табатын ұлттық диалог алаңы болады деп білеміз.

Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті



Әдебиет бар жерде – рух бар

Алтын күздің алғашқы лебімен бірге еліміздің білім ордаларында жаңа оқу жылы өз есігін айқара ашып, шәкірттер мен ұстаздар қауымы жаңа мақсаттар мен биік белестерге бет алды. Білім мен ғылымның қара шаңырағындағы әрбір жаңа қадам тек дәріс аудиторияларымен шектелмейтін, ұлттық рух пен сананы оятатын рухани сапарлармен басталуы аса маңызды.

Жыл басын осындай мазмұнды да тәрбиелік мәні зор әдеби кештен бастаудың жөні бөлек. Себебі ұлы Абай айтқандай, «Адамның адамгершілігі – білімнен, ғылымнан» бастау алатыны хақ. Осындай шуақты сәттер жас ұрпақтың жүрегіне ізгілік дәнін егіп, оқу жылының тағылымды жалғанарына зор кепіл болады. Студенттермен бірге рухани-мәдени мәні зор әдеби-шығармашылық кешке қатысып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерімен жүздесудің сәті түсті. Қаламгер, ақын-жазушы Қуат Қайранбаевтың 65 жылдық мерейтойына арналған «Арқалаған ар жүгін...» атты әдеби-шығармашылық кеш оқырман қауымға ерекше әсер сыйлаған тағылымды басқосу болды.



Кеш барысында мерейтой иесінің шығармашылық жолы мен әдеби мұрасы кеңінен сөз болып, ақынның өлеңдері оқылды. Әдеби кешке белгілі қаламгерлер мен ақындар қатысып, мерейтой иесіне жүрекжарды тілектерін білдірді. Олардың қатарында жазушы Жақыпжан Нұрғожаев, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Кәдірбек Құнпия, жазушы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Дәурен Қуат, ақын Жарас Сәрсек және басқа да қаламгерлер бар.

Кештің мәнін арттырған тағы бір ерекше сәт – Қуат Қайранбаевтың сөзіне жазылған әндердің орындалуы. Әнші әрі композитор Нұржан Ахметбек ақынның шығармаларына жазылған әндерді орындап, көрерменге әсем әннен шашу шашты. Сонымен қатар №230 жалпы білім беретін мектептің 8-10 сынып оқушылары ақынның бірқатар өлеңдерін нақышына келтіре оқыды.

Бұл мазмұнды кездесу БҰҰ-ның жаһандық Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) бағыттарымен тығыз үндеседі. Атап айтқанда «Сапалы білім», ТДМ-4, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, мәдени-рухани көкжиегін кеңейту және формалды емес білім беру арқылы саналы тәрбие беру. Сонымен қатар ТДМ-11, ТДМ-16, мәдениетті дәріптейтін, бірлік пен парасаттылықты ту еткен зиялы қауым мен жастардың арасындағы байланысты нығайту арқылы тұрақты, саналы қоғам құру.

Осындай әдеби кештердің жастар үшін маңызы ерекше. Студенттер үшін белгілі ақын-жазушылармен жүздесу, олардың шығармашылығымен жақынырақ танысу рухани дүниесін байытып, кітап оқуға, сөз өнерін бағалауға деген қызығушылығын арттыратын үлкен мүмкіндік.

Бұл кеш бізге әдебиеттің адам жүрегіне жол табатын құдіретін тағы бір мәрте сезіндірді. Қаламгердің шығармашылық мұрасы уақыт өткен сайын жаңғырып, кейінгі ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Әдебиет бар жерде – рух бар. Сөз бар жерде – тағылым бар. Ал тағылымды кездесулер жастардың жүрегінде із қалдырады. «Тәрбие – тал бесіктен» басталса, осындай кештер сол тәрбиенің кемелденген тұсы.

Кеш соңында қатысушылар Қуат Қайранбаевпен естелік суретке түсіп, мазмұнды жүздесуді жақсы көңіл күймен қорытындылады.

Картография және геоинформатика кафедрасының кураторэдвайзерлері

Жапон жастары қазақ тілін үйренуге ықыласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – білім мен ғылымды ғана емес, түрлі елдер мен мәдениеттерді байланыстыратын халықаралық білім ордасы. Университеттің халықаралық ынтымақтастығы аясында Жапония жоғары оқу орындарымен қалыптасқан әріптестік қарым-қатынастың маңызы ерекше.



Бүгінде ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Жапониядан келген студенттер білім алып, қазақ және орыс тілдерін меңгеріп жатыр. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында олар тіл үйренумен қатар, Қазақстанның тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі және ұлттық құндылықтарымен танысады.

Жапон студенттері үшін қазақ және орыс тілдерін меңгеру – жаңа тілдік дағдыларды қалыптастырумен бірге, Қазақстанның қоғамдық және мәдени ортасына жақындаудың маңызды мүмкіндігі. Сабақ барысында заманауи оқыту әдістері, цифрлық технологиялар мен практикалық тапсырмалар кеңінен қолданылады. Студенттер алған білімдерін күнделікті қарым-қатынаста қолдануға, қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлесуге ұмтылады.

Жапон жастарының білімге деген қызығушылығы мен еңбекқорлығы оқу үдерісінен анық байқалады. Олар сабаққа белсенді қатысып, университетте ұйымдастырылатын мәдени-танымдық іс-шараларға да ықыласпен атсалысады. Қазақ тіліндегі әндерді орындау, домбыра үйрену, ұлттық мерекелер мен мәдени кездесулерге қатысу арқылы олар қазақ халқының дәстүрі мен рухани құндылықтарын жақынырақ танып келеді.

Тіл – халықтар арасындағы өзара түсіністіктің маңызды құралы. Осы тұрғыдан алғанда, ҚазҰУ-да білім алып жатқан жапон студенттерінің қазақ және орыс тілдерін үйренуі Қазақстан мен Жапония арасындағы мәдени және білім беру байланыстарын нығайтуға өзіндік үлес қосуда.

ҚазҰУ-дың Жапонияның жоғары оқу орындарымен әріптестігі студенттер алмасуға, академиялық тәжірибе жинақтауға және екі ел жастарының өзара байланысын дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді. Мұндай білім беру байланыстары жастардың дүниетанымын кеңейтіп, халықаралық ортада еркін әрекет етуіне жол ашады.

Университеттің дайындық факультетінде білім алып жатқан жапон студенттері екі ел арасындағы достық пен өзара түсіністіктің жарқын көрінісі. Олардың қазақ және орыс тілдерін үйренуге деген қызығушылығы Қазақстанның білім беру кеңістігіне деген халықаралық сұраныстың айқын дәлелі.

Айгүл СӘДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Успехи студентов юридической школы на мировой арене

В современных условиях глобализации юридического образования участие студентов в международных учебных судебных процессах (moot courts), конкурсах по международному праву и правовых кейс-чемпионатах является важным показателем качества подготовки будущих юристов. Такие соревнования позволяют обучающимся применять теоретические знания на практике, развивать навыки юридического анализа, аргументации, публичных выступлений и работы в международной профессиональной среде.

2026 год стал одним из наиболее успешных в истории образовательной программы «Международное право» КазНУ имени аль-Фараби. Студенты кафедры международного права продемонстрировали высокие результаты на престижных международных и национальных конкурсах, подтвердив конкурентоспособность казахстанской юридической школы на мировой арене.

Особенно примечательно, что все участники команд являются членами Дискуссионного клуба Lex кафедры международного права — уникальной академической площадки, объединяющей студентов, заинтересованных в углублённом изучении международного права, развитии навыков юридической аргументации и подготовке к участию в международных муткортах.

ВОЗВРАЩЕНИЕ КАЗНУ НА КОНКУРС ДЖЕССОПА И ПОБЕДА В НОМИНАЦИИ «ЛУЧШИЙ МЕМОРАНДУМ»

Одним из наиболее значимых событий года стало участие команды КазНУ имени аль-Фараби в национальном раунде Центрально-Азиатского региона Philip C. Jessup International Law Moot Court Competition — крупнейшего и наиболее престижного мирового конкурса по международному публичному праву. Данное участие стало историческим событием для университета, поскольку КазНУ вернулся к конкурсу Джессопа впервые за последние пятнадцать лет. Возвращение к участию в крупнейшем международном муткорте свидетельствует о возрождении и дальнейшем развитии традиций академического международного права в университете.

В состав команды вошли студенты образовательной программы «Международное право»: Амина Нургалимова, Айнур Калмурзаева, Сарван Иманов, Ибрагим Ашимов и Бексултан Асылбеков. По итогам соревнований команда КазНУ была удостоена престижной награды «Best Memorial» («Лучший меморандум»). Данная номинация является признанием высокого качества письменной правовой аргументации, глубины проведённого исследования, умения работать с международно-правовыми источниками и способности выстраивать убедительную юридическую позицию в соответствии с мировыми стандартами юридического письма. Получение данной награды стало значимым достижением не только для команды, но и для всего университета, подтвердив высокий уровень подготовки студентов-международников.



ПРИЗОВОЕ МЕСТО НА МЕЖДУНАРОДНОМ КОНКУРСЕ ИМЕНИ М.Г.РОЗЕНБЕРГА

Ещё одним важным достижением стало успешное выступление студентов КазНУ на Международном конкурсе имени М.Г. Розенберга по международному коммерческому арбитражу и международному частному праву. Конкурс традиционно проводится при поддержке Международного коммерческого арбитражного суда при Торгово-промышленной палате Российской Федерации и является одной из наиболее авторитетных площадок для подготовки будущих специалистов в области международного коммерческого арбитража.

Команда КазНУ в составе Лизы Нурсерик, Ши Сынцзяня и Болатжан Айданы достойно



представила университет и по итогам соревнований заняла третье место среди шестнадцати сильнейших команд. Дополнительным подтверждением профессионального уровня участников стала победа Лизы Нурсерик в индивидуальной номинации «Лучший спикер». Её выступления были высоко оценены членами жюри благодаря убедительной правовой аргументации, глубокому знанию материала и высоким ораторским качествам.

Результаты конкурса продемонстрировали способность студентов КазНУ успешно работать с комплексными вопросами международного частного права и международного коммерческого арбитража на уровне лучших юридических школ региона.

ПОБЕДА В МЕЖДУНАРОДНОМ ЛЕГАТОНЕ MAXUP 2026

Значительным успехом для университета стала победа команды КазНУ в Международном легатоне MaxUP 2026, объединившем более девяноста участников из тринадцати государств Европы, Азии и Северной Америки. Конкурс был посвящён актуальным вызовам цифровой трансформации права и включал обсуждение вопросов регулирования искусственного интеллекта, правового статуса виртуальных объектов, функционирования метавселенных и перспектив цифровизации судебной системы.

Первое место в русской лиге и денежный приз завоевала команда образовательной программы «Международное право» в составе Алисы Докторович, Дильнары Муталиповой, Никиты Лымарева и Кристины Игитян.

Участники продемонстрировали высокий уровень подготовки, способность к нестандартному юридическому мышлению и умение формулировать правовые решения для регулирования новых общественных отношений, возникающих в условиях цифровой экономики. Победа в данном соревновании подтверждает готовность студентов КазНУ участвовать в формировании правовых подходов к наиболее актуальным вопросам развития современного общества.

СЕРЕБРЯНЫЙ УСПЕХ НА ПЛАТФОРМЕ ИГРОВЫХ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ ASIA ZANGERI 2026

Высоких результатов студенты КазНУ добились и на центральноазиатской платформе игровых судебных процессов Asia Zangeri 2026. Команда в составе Амины Нургалимовой, Алуа Қалдыбай и Қарақат Аппазовой заняла почётное второе место и вошла в число призёров соревнования.

Особую ценность данному результату придаёт высокий уровень конкуренции. На начальном этапе участие приняли девяносто семь команд, однако именно представители КазНУ сумели выйти в финал и продемонстрировать высокий уровень юридической подготовки, аналитического мышления и навыков судебного представительства. Финальные выступления проходили при участии действующих судей Верховного Суда и Конституционного Суда Республики Казахстан. Судьи особо отметили профессионализм участников, убедительность представленных правовых позиций, уверенность выступлений и способность аргументированно защищать свои выводы. Достигнутые результаты являются закономерным итогом системной работы по развитию студенческой науки и практико-ориентированного юридического образования на кафедре международного права Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Особую роль в подготовке студентов к международным соревнованиям играет Дискуссионный клуб Lex, который на протяжении ряда лет выступает площадкой для формирования профессиональных компетенций будущих юристов-международников. В рамках деятельности клуба студенты совершенствуют навыки юридического письма, подготовки меморандумов, судебных выступлений, критического анализа правовых проблем и командной работы. Высокие результаты, достигнутые студентами в 2026 году, являются свидетельством эффективности системного подхода к подготовке обучающихся, профессионализма преподавательского состава кафедры и устойчивого развития школы международного права КазНУ имени аль-Фараби.

Успехи студентов на крупнейших международных и национальных соревнованиях подтверждают высокий уровень юридического образования в университете и демонстрируют потенциал нового поколения казахстанских юристов, способных достойно представлять страну на международной академической и профессиональной арене. Достижения студентов образовательной программы «Международное право» в 2026 году отражают не только высокий уровень их личной подготовки, но и эффективность образовательной модели Казахского национального университета имени аль-Фараби, ориентированной на формирование интеллектуальных лидеров нового поколения, способных успешно действовать в условиях глобализирующегося мира.

Участие и победы в международных муткортах, конкурсах по международному праву и правовых инновациях способствуют развитию у студентов ключевых профессиональных компетенций: навыков правового анализа, критического мышления, академического письма, межкультурной коммуникации и принятия решений в сложных правовых ситуациях. Именно эти качества сегодня востребованы в международных организациях, государственных органах, дипломатической службе, судебной системе и юридическом бизнесе.

В соответствии с миссией КазНУ имени аль-Фараби по подготовке высококвалифицированных, конкурентоспособных и социально ответственных специалистов международного уровня кафедра международного права последовательно развивает практико-ориентированные формы обучения, создавая условия для профессионального роста студентов и их успешной интеграции в мировое академическое и профессиональное сообщество.

Результаты 2026 года убедительно демонстрируют, что студенты КазНУ имени аль-Фараби не только достойно представляют университет на международной арене, но и вносят вклад в укрепление авторитета казахстанской юридической науки, подтверждая статус университета как ведущего научно-образовательного центра страны.

Ляззат НЫСАНБЕКОВА,
ассистент-профессор кафедры международного права, руководитель Дискуссионного клуба Lex

Білім шекара талғамайды

Бүгінгі таңда студентке университет қабырғасында сапалы білім алу ғана емес, халықаралық академиялық ортада тәжірибе жинақтау да маңызды. Осы бағытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдік жоғары оқу орындарымен жасалған академиялық ұтқырлық жөніндегі келісімдері білім алушыларға жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Соның бір жарқын мысалы – филология факультеті Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының «Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Әмина Толғамбайдың Оңтүстік Кореядағы академиялық тәжірибесі.



Әмина академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Оңтүстік Кореяның Чонджу қаласындағы Чонбук ұлттық университетінде (Jeonbuk National University) бір семестр білім алды. ҚазҰУ мен шетелдік серіктес университеттер арасындағы ынтымақтастық студентке басқа елдің білім беру жүйесімен танысып қана қоймай, халықаралық ортада білімін жетілдіруге мүмкіндік берді.

Болашақ аудармашы үшін мұндай тәжірибенің маңызы ерекше. Себебі тілді аудиторияда меңгерумен қатар, оны шынайы тілдік және мәдени ортада қолдана білу кәсіби қалыптасудың маңызды бөлігі. Оқу барысында Әмина ағылшын және неміс тілдері бойынша білімін жетілдіріп, түрлі елдерден келген студенттермен еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болды. Күнделікті тілдік тәжірибе оның коммуникативтік дағдыларын дамытуға, ал халықаралық академиялық орта жаңа білім беру тәсілдерімен танысуына ықпал етті.

Шетелдегі бір семестр тек дәріс пен сабақтан тұрмайтыны анық. Әмина университет жатақханасында тұрып, кореялық және өзге мемлекеттерден келген студенттермен танысты. Бір ортада білім алып, күнделікті араласу барысында жастар өз елдерінің мәдениеті мен дәстүрлері туралы әңгімелесіп, тәжірибе алмасты. Осындай қарапайым күнделікті қарым-қатынастың өзі мәдениетаралық байланысты түсінудің жақсы мектебіне айналды.

Әмина университеттің студенттік өмірінен де тыс қалмады. Теннис сабақтарына қатысып, студенттік клубтар мен түрлі бағдарламаларға атсалысты. Шетелдік студенттер үшін ұйымдастырылған мәдени-танымдық іс-шараларға қатысу арқылы корей халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін жақынырақ таныды. Ал бос уақытында Оңтүстік Кореяның көрікті жерлерін аралап, ұлттық тағамдарынан дәм татып, елдің күнделікті тыныс-тіршілігін көруге мүмкіндік алды.

Әрине, басқа елде өз бетінше өмір сүру үлкен тәжірибе. Жаңа ортаға бейімделу, уақытты дұрыс жоспарлау, тұрмыстық мәселелерді дербес шешу, түрлі мәдениет өкілдерімен тіл табысу студенттің жауапкершілігі мен дербестігін арттырады. Сондықтан академиялық ұтқырлықты тек шетелде білім алу мүмкіндігі деп қарастыру жеткіліксіз. Бұл студенттің кәсіби білімімен қатар, тұлғалық қасиеттерін де қалыптастыратын маңызды тәжірибе.



Әмина Толғамбайдың Чонбук ұлттық университетінде өткізген семестрі осының айқын көрінісі. Ол шет тілдерін жетілдіріп, халықаралық академиялық ортада білім алып, жаңа достар тапты, басқа мәдениетті жақыннан таныды және болашақ аудармашы ретінде құнды тәжірибе жинақтады.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдік университеттермен орнатқан әріптестік байланыстары мен академиялық ұтқырлық туралы келісімдері студенттердің әлемнің түрлі жоғары оқу орындарында білім алуына нақты мүмкіндік беріп келеді. Мұндай келісімдердің басты құндылығы да осында: студент өз университетінде алған білімін халықаралық ортада толықтырып, кәсіби көкжиегін кеңейтіп, жаңа тәжірибемен елге оралады.

Академиялық ұтқырлық – бір семестрді шетелде өткізу ғана емес, ол – жаңа білімге, жаңа мәдениетке, жаңа ортаға және болашақ кәсіби мүмкіндіктерге бастайтын жол. ҚазҰУ студенттеріне беріліп отырған осындай мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – бәсекеге қабілетті, әлемге ашық маман қалыптастырудың маңызды қадамдарының бірі.

Индира ӘЗІМБАЕВА,
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы



Болашаққа жол ашқан қара шаңырақ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – білімге ұмтылған әр жасқа есігін айқара ашқан қара шаңырақ. ҚазҰУ-да төрт жыл бойы білім алған түрікмен студенттерінің де орны ерекше. 2025-2026 оқу жылында «Түркітану» мамандығында оқыған 53 түрікмен студенттері ҚазҰУ-да сапалы білім алып, гуманитарлық бакалавр дәрежесін алып шықты.



Қазақстан мен Түрікменстан тарихи-тілдік және ортақ мәдени жақындық, екі халықтың қонақжайлығы және ұлттық дәстүрлерге деген сүйіспеншілігі сияқты ортақ құндылықтары бар туыс халықтар санатында. ҚазҰУ-да оқыған түрікмен студенттері осы ортақ рухани тамырластықты сезінді. Университетте білім алған түрікмен студенттері үшін де бұл жылдар тек кәсіби білім алумен шектелген жоқ, жаңа ортаға бейімделу, жаңа дос табу және Қазақстанның дипломатиясын меңгеру кезеңі болды. Олар университет қабырғасында қазақ тілін ғана емес, басқа да түркі тілдерін меңгеріп, түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба ескерткіштер мұралары, тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрімен жете танысты.

Төрт жылдық оқу кезеңі студенттік өмірдің ең маңызды әрі есте қаларлық мезгілдің бірі болды, студенттік өмір көптеген жарқын естеліктер қалдырды. Түрікменстаннан келген студенттер сабақтан тыс кезде түрлі жобалар мен қоғамдық іс-шараларға белсенді араласты. Университеттегі достары мен оқытушыларынан көп нәрсе үйреніп, өз білімі мен тәжірибелерін де өзгелермен бөлісті. Әртүрлі ұлт өкілдерімен бірге оқу олардың дүниетанымын кеңейтіп, жаңа достық қарым-қатынастар орнатуына мүмкіндік берді.

Алғашқы күндердегі толқу, жаңа достармен танысу, сабақтар, университеттегі түрлі шаралар мен бірге өткізген уақыт олардың жүрегінде мәңгі сақталады. ҚазҰУ олар үшін білім алған ЖОО ғана емес, өмірлік тәжірибе жинаған және болашаққа қадам басқан ерекше орта болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да төрт жыл білім алған түрікмен студенттері университеттен сапалы біліммен қатар, достық пен бауырластықтың қадірін түсініп шықты. Олардың Қазақстанда алған тәжірибесі болашақ кәсіби жолында маңызды рөл атқарып, екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюына өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

2026-2027 оқу жылында Түрікменстаннан келетін студенттер үшін ҚазҰУ-да «Түркі филологиясы» деп аталатын жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Бұл білім беру бағдарламасы студенттерге қазақ және түрікмен тілдері мен әдебиетін, Түркі қағанаты кезеңін, Орхон жазба ескерткіштерінің мұраларын, Алтын Орда дәуірін, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін, мифологиясы мен фольклорын, этнографиялық құндылықтарын терең меңгеруге, жан-жақты салыстыруға және зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бағдарлама аясында түркі халықтарының дипломатиялық және халықаралық байланыстары, қазіргі мемлекетаралық қарым-қатынастардың тарихи қалыптасуы мен даму ерекшеліктері де қарастырылады. Жаңа бағдарлама аясында студенттер сапалы білім алып қана қоймай, өздерінің ғылыми және кәсіби қабілеттерін дамытуға жол ашады.

Бұған дейін ҚазҰУ-да білім алған түрікмен студенттері гуманитарлық бакалавр дәрежесін алып, «Түркітану» мамандығын сәтті тамамдады. Енді олардың ізін жаңа буын студенттері жалғастырып, «Түркі филологиясы» бағдарламасы бойынша білім алуға мүмкіндік алады.

Бұл – Түрікменстан мен Қазақстан арасындағы білім, ғылым және мәдени байланыстарды одан әрі нығайта түсетін маңызды қадам. Түркі әлемінің ортақ тарихы мен рухани құндылықтарын зерттейтін жаңа мамандардың қалыптасуына жол ашылады. Білімге ұмтылған әр талапкерге біздің есігіміз ашық. Жаңа студенттерді жаңа орта, жаңа достар, сапалы білім және жаңа мүмкіндіктер күтеді.

ҚазҰУ-дың көпұлтты академиялық ортасы жастарға жаңа адамдармен танысып, түрлі мәдениеттермен жақынырақ араласуға, тәжірибе жинақтауға жол ашады. ҚазҰУ – болашаққа нық қадам жасауға мүмкіндік беретін білім мен ғылымның қара шаңырағы.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
филология ғылымының кандидаты

Шолпан КУДЬЯРОВА,
PhD

Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

Баспасөз қызметі арнайы радиожобаларды әзірлейді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті мен «Darhan radio» медиа платформасы өзара ынтымақтастықты нығайтып, бірлескен медиажобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.



Осы бағытта ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры – Баспасөз хатшысы Қаншайым Байдәулет пен «Darhan radio» директоры Ерзат Қойшиев кездесу өткізді.

Тараптар серіктестік туралы меморандум жасауға қатысты бірқатар ұйымдастырушылық мәселелерді қарастырып, алдағы уақытта бірлесіп іске асырылатын бағдарламалар мен медиажобалардың бағыттарын айқындады.

«Darhan radio» медиа платформасында ҚазҰУ-дың радиоконтентіне арналған арнайы айдар ашылды. Арнайы айдарда университеттің Баспасөз қызметі мен студенттер дайындаған ақпараттық, танымдық және авторлық бағдарламалар тұрақты түрде орналастырылады.

Жаңа медиажоба университеттің тыныс-тіршілігін, білім мен ғылым саласындағы жетістіктерін, студенттік өмірді және жастар бастамаларын кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттердің журналистика саласындағы тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Жұздесуде қос тарап алдағы бірлескен жұмыстардың кестесін әзірлеуге және меморандум шарттарын өзара келісуге уағдаласты.

Кездесуден соң құрметті қонақ Ақпарат және коммуникациялар департаментін аралап, атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысты.



Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті Молекулалық биология және генетика кафедрасының жетекші маманы Индира Сатылған университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Еңбекпен келген мәртебе



Университетімізде ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, оқу-әдістемелік, ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып келе жатқан Индира Әлдибайқызы өз ісіне жауапкершілігі, кәсіби біліктілігі және еңбекқорлығымен әріптестерінің зор құрметіне ие. Бұл марапат оның көпжылғы адал еңбегі мен университет дамуына қосқан елеулі үлесінің лайықты бағасы.

Индира Әлдибайқызына ұжым зор денсаулық, отбасына құт-береке, шығармашылық шабыт және кәсіби жетістіктер тілейді. Еңбегіңіз жемісті болып, абыройыңыз асқақтай берсін.

Ақерке СЕРБАЕВА,
Молекулалық биология және генетика кафедрасының аға оқытушысы

Заманауи цифрлық құралдар

Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасында оқытылатын білім беру бағдарламасындағы базалық пәндер циклі – болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл базалық пәндер циклінің көмегі арқылы білім алушы химиялық өндірістің теориялық негіздерін меңгеріп, химиялық-технологиялық процестердің өндірістік сатыларының арасындағы байланысын терең түсінеді.

Қазіргі таңда химия және химиялық технология саласында мамандарды дайындауда заманауи цифрлық құралдарды пайдалану білім алушының зерттеу дағдысын қалыптастырып, ғылыми ой-өрісін кеңейтеді. Осыған орай, кафедраның оқыту процестерінде Jove және Coursera атты цифрлық платформалардың көмегімен білім алушының теориялық білімі практика арқылы ұштасқан. Jove және Coursera цифрлық платформалары ғылыми видеоматериалдар және тәжірибелік жұмыстар арқылы білім алушы әлемнің үздік курстарын меңгеру негізінде білім беру бағдарламасындағы базалық пәндер циклін заманауи практикалық біліммен толықтырады.

Университет қабырғасында алынған білім студенттің зертханалық деңгейдегі ой-идеясын өнеркәсіптік технологияға айналдырудағы бастапқы қадам. Білім беру бағдарламасы теориялық химия мен нақты өндіріс арасындағы байланысты қалыптастырып, білім алушының кәсіби ойлауын дамытатын орта.



Назым СМАҒҰЛОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті

Поэзия кеші өтті

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде поэзия кеші өтті. Әдебиет пен өнерді дәріптеген басқосуда өлеңнің адам болмысына қаншалықты әсер ететіні байқалды. Кешті факультет деканының әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, PhD, ақын Ержан Жұмабекұлы ашып, студенттердің сұрауы бойынша өзінің үш өлеңін оқып берді.



Кеш барысында қатысушылар поэзия әлеміне еніп, өздерінің және сүйікті ақындарының шығармаларын оқыды. Поэзия арқылы әр қатысушы өзіндік көзқарасын, ішкі сезімін және өмір туралы пайымын жеткізді. Кейбірі алыстағы отбасын сағынып, анасына арнаған өлеңін оқыса, тағы бірі ғашығына поэзиямен тіл қатып, ішкі сырымен бөлісті.

Кештің ерекшелігі – қатысушы студенттер өздерін еркін сезініп, әдебиетке деген ықыласын көпшілікке паш етті. Іс-шара жастардың бір-бірін жақынырақ танып, ортақ қызығушылық төңірегінде пікір бөлісуіне мүмкіндік берді.

Мұндай әдеби кездесулер жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға, кітап оқуға деген құмарлығын арттыруға және ұлттық әдеби құндылықтарды насихаттауға зор үлес қосады. Жалпы, поэзия адамды рухани тұрғыдан байытуға ықпал ететінін тағы бір мәрте көрсетті.

Жадыра МАНАСОВА,
«Халықаралық журналистика» мамандығының 1-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2383

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.